

## Мемлекеттік кірістер органдары өндіріп алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 171 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 76-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.08.2023 № 631 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік кірістер органдары өндіріп алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Кеден органдары алатын кедендік алымдардың ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 24 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 14, 171-құжат);

2) "Кеден органдары алатын кедендік алымдардың ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 24 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 56 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 5, 34-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 5 сәуірдегі  
№ 171 қаулысымен  
бекітілген

## Мемлекеттік кірістер органдары өндіріп алатын кедендік алымдардың мөлшерлемелері

**Ескерту. Мөлшерлемелер жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.08.2023 № 631 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Кедендік төлемнің атауы	АЕК-дегі (республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш) мөлшерлемелер
-------------------------	--

1	2
Тауарларды кедендік декларациялау үшін кедендік алым:	
тауарларға арналған декларацияны пайдаланумен;	6 АЕК
транзиттік декларацияны пайдаланумен;	6 АЕК
тауарларға арналған декларация ретінде мәлімдемені пайдаланумен;	0 АЕК
тауарларға арналған декларация ретінде тізбені пайдаланумен;	0 АЕК
экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны пайдаланумен;	0 АЕК
халықаралық пошта жөнелтілімдерімен өткізілетін	0 АЕК
Кедендік алып жүру үшін кедендік алым	50 километрге дейінгі қашықтыққа 1 АЕК, 50-ден 100 километрге дейінгі қашықтыққа 2 АЕК, 100-ден 200 километрге дейінгі қашықтыққа 3 АЕК, 200-ден 400 километрге дейінгі қашықтыққа 13 АЕК , 400-ден 600 километрге дейінгі қашықтыққа 22 АЕК , 600-ден 800 километрге дейінгі қашықтыққа 34 АЕК , 800-ден 1000 километрге дейінгі қашықтыққа 35 АЕК, 1000-нан 1500 километрге дейінгі қашықтыққа 58 АЕК, 1500-ден 2000 километрге дейінгі қашықтыққа 79 АЕК, 2000-нан 2500 километрге дейінгі қашықтыққа 93 АЕК
Алдын ала шешім қабылдау үшін кедендік алым	9 АЕК